

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС, ТҰРҒЫН ҮЙ ЖӘНЕ АУМАҚТАРДА ҚҰРЫЛЫС САЛУ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 11 наурыз N 258. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996.04.08. N 398 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі туралы қоса берілген Ереже бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің "Архитектура және құрылыс жөніндегі Қазақ ССР Мемлекеттік комитеті туралы Ережені бекіту туралы" 1991 жылғы 8 майдағы N 298 қаулысы (ҚазССР ҚЖ, 1991 ж., N 13, 83 ст.);

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік тапсырыстар мәселелері жөніндегі кейбір шешімдерін өзгерту және олардың күші жойылған деп тану туралы" 1993 жылғы 8 маусымдағы N 481 қаулысымен бекітілген өзгерістердің 1 және 2 тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 22, 283-бап);

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Стандарттау, сертификаттау және өлшем бірлігі мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерін өзгерту және күшін жойған деп тану туралы" 1993 жылғы 2 шілдедегі N 566 қаулысымен бекітілген өзгерістердің 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 26, 321-бап).

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 11 наурыздағы

N 258 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі туралы

Е р е ж е

1. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда

құрылыс салу министрлігі (Қазақстан Республикасының - Құрылысмині) құрылыс кешені мен аумақтарда құрылыс салу және тұрғын үй саясатын жүзеге асыру, тұрғын үйлер қорын пайдалануды жақсарту салаларындағы мемлекеттік басқарудың орталық салааралық органы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Құрылысмині өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасы заңдарын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін және басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

3. Қазақстан Республикасының Құрылысмині өз құзыры аясында мемлекетке тиесілі болуына, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына карамастан, республика аумағында жүзеге асырылатын сәулет - қала құрылысы қызметінің барлық субъектілерінің орындауы үшін міндетті шешімдер қ а б ы л д а й д ы .

4. Қазақстан Республикасының Құрылысмині өзіне жүктелген негізгі м і н д е т т е р г е с ә й к е с :

сәулет пен қала құрылысы, құрылыс материалдары өнеркәсібі, құрылыс индустриясы, құрылыс-жол машиналарын жасау салаларында, тұрғын үйлер қорын қайта құруда, жөндеуде және пайдалануда, сондай-ақ құрылыстағы баға құрауда бірыңғай экономикалық, техникалық және нормативтік саясат жүргізуді;

құрылыс кешенінде ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін ендіруді қамтамасыз ететін мемлекеттік және аймақтық бағдарламалар әзірлеуді және құрылыс кешенінде инвестицияларды тиімді пайдалану мен олардың о р ы н д а л у ы н б а қ ы л а у д ы ;

жаңа мемлекеттік тұрғын үй саясатын жүзеге асыру мен жетілдіру жөніндегі ж ұ м ы с т а р д ы ү й л е с т і р у д і ;

Министрлік құзыры ауқымында Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты индикативтік жоспарларға ұсыныстар енгізу және қатысуды, күрделі құрылыс, құрылыс материалдары өнеркәсібінің, құрылыс индустриясының, құрылыс кешеніне қажетті машина жасау үрдістерін болжауды ;

сәулет, қала құрылысы, құрылыс салу, құрылыс материалдары өнеркәсібі, құрылыс индустриясы салаларындағы және жаңа тұрғын үй саясатындағы құқылық, әрі экономикалық тетіктер мәселелері, сондай-ақ құрылыс кешеніндегі өндірістің басым бағыттары мен маңызды түрлерін дамытуды ынталандыру жөнінен Қазақстан Республикасының заң актілерін әзірлеуге қатысуды; бюджет қаражаты және қаржыландырудың басқа қайнарлары есебінен

республикалық құрылыс нормалары мен ережелерін, нұсқама құжаттарды және үлгі жобалық шешімдерді, сондай-ақ тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардың аймақтық және тәжірибелік жобаларын, осы объектілердің жаңа сындарлы шешімдерін, оның ішінде жаңғыртуды, жөндеу мен пайдалануды, табиғи, климаттық, демографиялық, ұлттық және аймақтардың басқа өзіндік ерекшеліктерін ескеру арқылы тұрғын үйлер мен қоғамдық үйлердің аймақтық және эксперименттік жобаларын әзірлеп, бекітуді және іске қосуды;

бюджет пен қаржыландырудың басқа қайнарлары есебінен республиканы орналастырудың мемлекеттік схемасын, аудандық жоспарлау схемалары мен жобаларын, өнеркәсіптік тораптардың бас жоспарларын, өзгедей жобалау-жоспарлау құжаттамаларын, қорғалатын аймақтар жобаларын және аумақтар мен елді мекендерді табиғи, геологиялық, әрі техногенді құбылыстардан қорғау схемаларын, сейсмикалық мөлтек аудандастыру картасын әзірлеуді ұйымдастыруды;

сәулет, қала құрылысы, құрылыс, құрылыс материалдары өнеркәсібі және құрылыс индустриясы салаларында нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеп, жоспарлау мен оларды мемлекетаралық құжаттар ретінде қабылдау мәселелері бойынша Құрылыстағы стандарттау мен техникалық нормалау жөніндегі мемлекетаралық ғылыми-техникалық комиссия (ҚҒТМК) жұмысына қатысуды;

құрылыс кешенінің нақты міндеттері мен проблемаларын шешуге деген нақты қажеттілікті ескеру арқылы ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтардың өзара іс-қимыл жүйесін жетілдіруді;

инвестициялық саясат пен мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларды әзірлеуге қатысуды;

құрылыс объектілерін жекешелендірудің салалық бағдарламасын әзірлеуді; орталықтандырылған мемлекеттік қайнарлардан қаржыландырылатын объектілер құрылысының барысын бақылауды;

белгіленген тәртіпке сәйкес құрылыс материалдары мен конструкцияларын сертификациялауды;

тұрғын үй саласына халық пен заңды тұлғалар қаражатын тарту үшін Қазақстан Республикасының Тұрғын үй құрылысы мемлекеттік банкімен бірлесіп, тұрғын үй лотереяларын және басқа шараларды өткізуді ұйымдастыруды;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың дотациясыз жұмыс істеу бағдарламасын әзірлеп, оны жүзеге асыру шараларын үйлестіруді;

республика аумағында мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізуді; қалалық және аудандық әкімшіліктердің сәулет-қала құрылысы қызметтерін әдіснамалық қамтамасыз етуді;

құрылыс кешені ұйымдары мен кәсіпорындарының бәсекелестігін дамытуға,

өндірісті монополиясыздандыруға ықпал етуді;

республиканың құрылыс кешенінің даму бағыттарын зерделеу және оның даму заңдылықтарын қорыту негізінде мердігерлік нарығын, жобалау, ғылыми және құрылыс өнімдері, құрылыс материалдары өнеркәсібі мен құрылыс индустриясы нарығын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді;

министрліктермен, ведомстволармен және басқа да басқару органдарымен - тапсырыс берушілермен шарт бойынша орталықтандырылған мемлекеттік қайнарлардан қаржыландырылатын объектілерді жобалап, салуға мердігерлік саудаласуды, тендерді ұйымдастырып, өткізуді, сондай-ақ тұрғын үй-азаматтық мақсатқа негізделіп аяқталып бітпеген құрылыс объектілерін сату жөніндегі сауданы ұйымдастыруға қатынасуды;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітетін қала құрылысы құжаттамаларын сараптауды;

республикада жобалау-сметалық істі жетілдіруді аумақтарда құрылыс салу саласындағы жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысушы шетел инвесторларының шаруашылық қызметіне кепілдікті қамтамасыз етуге байланысты қорытындыларды әзірлеуге, құрылыс материалдары өндірісі мен құрылыс индустриясының жаңа қуаттарын жасауға қатысуды; сәулет-қала құрылысы қызметін бақылауды;

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы құрылыс, сәулет салаларындағы республикалық және шет елдік ғылым мен техника жетістіктерін және прогресшіл өндірістік тәжірибені насихаттауды, симпозиумдар, семинарлар, конференциялар, көрмелер өткізуді, ғылыми-техникалық әдебиеттерді, әдістемелік, нормативтік-техникалық құжаттарды таратуды;

сәулет, қала құрылысы, құрылыс, құрылыс материалдары өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және құрылыс-жол машиналарын жасау салаларында шет елдермен ғылыми-техникалық және экономикалық ынтымақтастықты;

құрылыс кешенінің холдинг компанияларымен бірлесіп, құрылыстағы нарық экономикасы талаптарын ескере отырып кадрларды қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың салалық жүйесін ұйымдастыруды;

жұмылдырушылық даярлық пен азаматтық қорғаныс жөніндегі шаралар кешенін жоспарлы жүргізуді жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасының Құрылысмині сәулет-қала құрылысы қызметі саласында жобалардың мемлекеттік сараптамасы, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы және мемлекеттік лицензиялау органдарына, сондай-ақ тұрғын үй қорын, коммуналдық мақсаттағы объектілерді пайдалану мен жөндеу және тұрмыстық-коммуналдық шаруашылықты қаржыландыруды жетілдіру жөніндегі бақылаушы органдарға басшылық жасайды.

Облыс орталықтарында Қазақстан Республикасы Құрылысминінің аумақтық

құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу комитеттері жұмыс істейді. Олар бір мезгілде облыстар әкімдеріне бағынысты болады.

Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрі облыс әкімдерімен келісе отырып облыстық комитеттер туралы ережені бекітеді және олардың төрағаларын тағайындайды.

6. Қазақстан Республикасының Құрылысминіне:

министрліктер мен ведомстволардың, сондай-ақ жергілікті әкімшіліктердің сәулет, қала құрылысы және құрылыс жөніндегі заңға қайшы келетін нормативтік актілерінің қолданылуын тоқтатуға және белгіленген тәртіпке сай олардың күшін жою жөніндегі ұсыныс енгізу;

құрылыс бағаларын, сметалық нормалар мен жобалау-іздістіру жұмыстарының бағаларын бекітіп, іске қосу;

сәулет пен қала құрылысы, құрылыс, құрылыс материалдары мен конструкциялары өндірісі салаларында жекелеген мәселелерді қарап, әзірлеу, сондай-ақ консультация мен сараптама өткізу үшін мүдделі министрліктерді, ведомстволарды және жекелеген жоғары білікті мамандарды тарту;

құрылыс кешені холдинг компаниялары президенттерін тағайындау және босату туралы белгіленген тәртіпке сай ұсыныс енгізу;

сәулет, құрылыс ғылымы мен техникасы салаларында мемлекеттік наградаларға ұсынылған шығармашылық жұмыстарды келісіп, оларды қарауға ұсыну ;

жаңа технологиялар мен сәулет-құрылыс шешімдерін экспериментті тексеру және өндіру үшін құрылысмині жанынан шаруашылық есептегі кәсіпорындар, ұйымдар және ассоциациялар құру жолымен шаруашылық есептегі қызмет жүргізу құқықтары беріледі.

7. Қазақстан Республикасының Құрылысмині белгіленген тәртіпте өз жүйесіне енетін кәсіпорындарды, мекемелерді және ұйымдарды құрады, қайта ұйымдастырады және таратады, жарғыларын (ережелерін) бекітеді және олардың жұмысына басшылық жасайды.

Қазақстан Республикасының Құрылысмині өз жүйесіне енетін ұйымдар мен мекемелердің заң мен нормативтік актілерді дұрыс қолдануын қамтамасыз етеді, материалдық-техникалық базаны дамыту мен орталықтандырылып бөлінетін материалдық-техникалық ресурспен жабдықтауға ықпал етеді.

8. Құрылысминіне министр басшылық етеді, оны республика Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

министрдің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын (босататын) министрдің орынбасарлары болады.

9. Қазақстан Республикасының құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда

құрылыс салу министрі министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауапты болады, министр орынбасарлары мен бөлімшелер жетекшілерінің министрлік қызметінің жекелеген бағыттарына басшылық жасау жауапкершілігін белгілейді.

10. Қазақстан Республикасының Құрылысминінде министрдің (алқа төрағасы), министр орынбасарларының құрамында, сондай-ақ холдингтер, департаменттер жетекшілері мен министрліктің басшы қызметкерлерінен алқа құрылады.

Құрылысмині алқасының мүшелерін министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Қазақстан Республикасы Құрылысминінің алқасы жүйелі өткізілетін өз мәжілістерінде министрлік құзырына қатысты мәселелерді қарайды.

Министрлік шешімдері министрдің бұйрықтары түрінде, Министрлік алқасының шешімдері қаулы түрінде және министрдің қолымен ресімделеді.

Қажет болған жағдайда Құрылысмині басқа комитеттермен, министрліктермен, ведомстволармен және қоғамдық ұйымдармен бірлескен қаулылар мен бұйрықтар шығарады.

11. Құрылысмині жанынан республиканың құрылыс кешенін дамытудың басты бағыттарын белгілейтін Республикалық сәулет құрылыс кеңесі ұйымдастырылады.

Министр кеңес төрағасы болып табылады, ол оның қызметіне басшылық жасайды, ол туралы ережені, кеңестің, оның төралқасының дербес құрамын бекітеді, төрағаның орынбасарларын, ғалым-хатшысын және бөлімшелері (секциялар) жетекшілерін тағайындайды.

12. Құрылысмині туралы ережені, орталық аппарат қызметкерлерінің саны мен еңбекақы қорын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

13. Белгіленген еңбекақы қоры мен адам саны шегінде министрліктің орталық аппараты штаты кестесін министр бекітеді.

Құрылымдық бөлімшелер туралы ережені министрлік алқасы бекітеді.

Ескерту. 13-тармақтың бірінші абзацынан сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

14. Қазақстан Республикасының Құрылысмині заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі болады.

